

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар
(Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

«Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков, Мансура-Хайдар
(Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации
и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан,
свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г.

Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах
и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

“Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology”
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published
4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

УДК 930.25 (470)

МӘСКЕУ МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР**Ескекбаев Д.Б.***Халықаралық Бизнес Университетінің жетекші ғылыми қызметкері*

Аңдатпа. Мақалада Мәскеу мұрағаттарында және Санкт-Петербург шаһарларында жинақталған Қазақ халқының тарихи-этнографиялық жәдігерлері туралы деректер сөз болады. Мақала арқауына айналып отырған негізгі мәселе жалпы Ресей архивтерінде сақталынған мұрағаттық мұраларымыздың жәй-күйі және оларды тарихи зерттеу барысында айналымға кіргізу мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ Эрмитажда сақталынған жалпы түрік, қазақ халқының көне мәдениетінің куәлері тас ескерткіштерінің насихатталынуы және музыкалық мұралары туралы да проблемалық ойлар қамтылған.

Түйін сөздер. Мәскеу мұрағаттары, Эрмитаждағы тас ескерткіштер, қазақтың музыкалық мұралары, сыры белгісіз суреттер.

ИСТОРИЧЕСКИЕ РЕЛИКВИИ В МУЗЕЯХ МОСКВЫ**Ескекбаев Д.Б.***Ведущий научный сотрудник Международного Университета Бизнеса*

Аннотация. В статье освещаются сведения об историко-этнографических реликвиях Казахского народа в музеях городов Москва и Санкт-Петербург. Основным общим вопросом, взятым за основу статьи, было в целом состояние архивных наследий сохранных в архивах России и вопросы введения их в оборот в ходе исторических исследований. Наряду с этим, охвачены мысли о проблемах, связанных с пропагандой сохранных в Эрмитаже доказательствах всеобщей древней культуры тюркского, казахского народов — каменных памятников, также о музыкальных наследиях.

Ключевые слова. Московские архивы, каменные памятники в Эрмитаже, музыкальные наследия казахов, таинственные рисунки.


HISTORICAL RELICS IN MOSCOW MUSEUMS**D.B. Yeskekbayev***Lead researcher of the International Business University*

Annotation. The article discusses information about historical ethnographic relics of Kazakh people gathered in museums of Moscow and Saint-Petersburg cities. The core issue that lies as the base of the article is the state of archival heritages stored in overall Russian archives and issues of introduction of them to circulation during the historical research. Also the problematic thoughts about propaganda of stone monuments stored in the Hermitage that are evidences of ancient culture of Turkic on the whole, Kazakh people and about musical legacies are covered therein.

Keywords. Moscow archives, stone monuments in the Hermitage, musical legacies of Kazakh, mysterious pictures.

Kіріспе. Мақалада Мәскеу мұрағаттарында және Санкт-Петербург шаһарларында жинақталған Қазақ халқының тарихи-этнографиялық жәдігерлері туралы деректер сөз болады. Мақала арқауына айналып отырған негізгі мәселе жалпы Ресей архивтерінде сақталынған мұрағаттық мұраларымыздың жәй-күйі және оларды тарихи зерттеу барысында айналымға

кіргізу мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ Эрмитажда сақталынған жалпы түрік, қазақ халқының көне мәдениетінің куәлері тас ескерткіштерінің насихатталынуы және музыкалық мұралары туралы да проблемалық ойлар қамтылған. Түйін сөз: Мәскеу мұрағаттары, Эрмитаждағы тас ескерткіштер, қазақтың музыкалық мұралары, сыры белгісіз суреттер.



Биыл маған сәті түсіп Халықаралық Бизнес Университетінің (бұрынғы Халықаралық Бизнес Академиясы) қаржылай қолдауымен Мәскеу қаласындағы бірнеше тарихи мұрағаттарда жұмыс істеуге тура келді. Атап айтқанда Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивы (ГАРФ), Орталық ежелгі құжаттар Мемлекеттік архиві (ЦГАДА), Подольск қаласындағы әскери архив және тағы басқалар. Негізгі мақсатым өзімнің зерттеп жүрген Ресейдегі қазақ диаспорасының тарихы мен этнографиясы болса да көзге түскен қазақ халқына қатысты тарихи құжаттарды көргеннен кейін қиып кете алмай кейбір жерлерін жазып алған едім. Соны осы тақырыппен айналысып жүрген зерттеуші әріптестерім мен жалпы құлағы түрік оқырмандар назарына ұсынбақпын. Бәлкім жол түсіп бара қалған осы сала мамандары болса бір қажетке жарап қалар. Бұл құжаттар Мәскеу қаласының орта тұсындағы Бауман даңғылы бойында орналасқан кезінде Петр патшаның жақын серіктерінің бірі болған фельдмаршал Меншиковтың иелігіндегі аумағы бір гектардай болатын жерді алып жатқан территорияда орналасқан, Сарайлардың бірін мекен -тұраққа айналдырған Ресей мемлекеттік фонодокументтер мұрағатынан (РГАФД) табылды. Бұл жерде бұдан басқа да оның ішінде 1936 жылғы кезеңге дейінгі құжаттар сақталынған әскери мұрағат та дәл осы жерде орналасқан екен.

Енді фонодокументтер сақталынған мұрағат құжаттары туралы мына дерек-мәліметтерді нақтырақ болуы үшін түпнұсқада бере кетейін:

История.

1. Центральный архив звукозаписей (1932-1934).
2. Центральный фотофонокино архив СССР – фоноотдел (ЦФФКА СССР). (1934-1941).
3. Центральный гос. архив кинофотофонодокументов СССР – фоноотдел (ЦГАФФД СССР).(1941-1970).
4. Центральный гос. архив звукозаписей СССР (ЦГАЗ СССР). (1967-ҮІ.1992).

В 1992 г. ЦГАЗ СССР переименован в Российский гос. архив фонодокументов – РГАФД .

В фондах РГАФД хранятся документальные и художественные звукозаписи за период с конца XIX в по настоящее время. Здесь сосредоточены все виды звукозаписей - ... деп одан әрі жалғасып кете береді.

Мұрағаттың ғылыми информациялық бөлімін басқаратын Лазарева Марина Геннадьевна деген ғылыми қызметкер өте бір ілтипатты, қамқор көңілді, ақ жүректі жан екен. Менің арнайы рұқсатым болмаса да маған мұрағат құжаттарымен танысып шығуға мүмкіндік жасады. Оған қоса менің айтуыммен біраз картотекалардағы қазақ әндерінің үстіне белгіленген «киргизский» деген анықтаманы (біздің бақытымызға қарай олар қарындашпен толтырылған екен) «казахский» деп көзімізше түзетіп берді.

Жалпы мұнда музыкалық қорлармен қоса өткен ғасырлардағы музыкалық жазба құралдар да біршама жинақталынып, сақталыныпты. Мәселен, 1877 жылы Эдисон ойлап тапқан «фонографтан» бастап XX ғасырдың бас кезіндегі «граммофон», «фоновалик», «патефондар» тіпті, данықты Шаляпин тұтынған граммафондарға дейін осында қойылған. Қазақ әнін бірінші болып бүкіл Еуропаға танытқан дүлдүл әнші Әміре Қашаубаевтың жеті-сегіз әні де осы «фоноваликке» жазылынып алынған екен. (МГ № 6. фоновалик), *Центральный гос. архив звукозаписей СССР. Фонд 165, 170, 172, 174-185. Скорость 38 см /сек.). Фольклорные фонографические записи (запись произведена ГИМН). Вариант магнитная с фоновалика).* Міне, бар мәлімет осы. Әміре әндерін мен Марина қыздың көмегімен екі қайтара тыңдап шықтым. Картотекада «киргиз» деп белгіленген және аты жөні «Омре Нашаубаев» деп жазылып, ал әндерінің тұсында Омре Кашаубаев деп көрсетілген. Және де әндердің толық нұсқасы жоқ, әр ән қысқаша екі шумақтан ғана жазылған сияқты. Сөздері де анық емес.

Әрине маған бұл мағлұматтар музыка зерттеушілері үшін біршама белгілі екендігі мәлім. Дегенмен де жалпы тарих үшін және болашақ зерттеушілерге көмек ретінде мен өзім жазып алған деректерді бір нүктесін бұзбастан сол күйінде, қаз қалпында беріп отырмын:

№	Найменование	Автор музыки	Автор слова	Исполнитель
1	Песня Газиса 1965 год.	Газиса	Газиса	М.Кошкинбаев в собств.сопр.на домбре. На каз. Языке
2	Сураншы батыр жыры. Поэма	Музыка народная	Джамбул.Джабаев	А.Дуйсенов. Пение на домбре. Вступительн. Слова читает .Булдыбаев. На каз.языке.
3	Акындарга терме	Музыка народная	Джамбул Джабаев	Исполнитель К.Раисов.
4	№ Г 27035			Маясар Жапаков. Екі әні бар,
5	№ Г 27034	К.Айнабеков	Кайпа Айнабекова	Исполнитель Каип Айнабеков.
6	Фонд 4. Оп.1			Состязание Нурилы и одиннадцати акынов. Доклад. Исполн. А. Дуйсенов.
7	Агаш аяк	Каз.нар.песня		М. Толыбаев.

8	Агайша	Каз.нар.песня		Исп. Г.Курмангалиев с соб.сопр. на комузе.
9	Адаскак	Каз.нар.песня		Ж.Елебеков в собств. Сопр. На домбре.
10	Агайша. 1957.1.08.	Каз.нар.песня		Сагингалиев.пол соб. аккомп. На домбре. Исп.на междунар.концерте на открытой эстраде малого поля ППКО им.М.Горького УІ Всем.фест.молодеж в Москве.
11	Айкен-ай	Каз.нар.песня		С.Ахметова. Н.Борисова. (Фортепиано).
12	Айнам коз.			Р.Абдуллин. Н.Вальтер. (Фортепиано).
13	Айнамкоз. 1964 г.			Б.Досымжанов, Р.Кацман. (Фортепиано).
14	Айша.зап. 1987 г.	Нар.песня		Б.Басыгараев.
15	Акбакай.Ориг.1.П л.нет.	Нет		Б. Жилисбаев. Зап. 1968 год.
16	Акбакай	Нар.казах песня		М.Мусабаев. Зап. 1966 год.
17	Акбакай			Н.Каражигитов, В.Каретников. (Фортепиано).1964 год.
18	Ак баян			А.Бафина, Н.Борисова. (Фортепиано).
19	Ак каин	Каз.народ.песн		Манарбек Ержанов. Нар.артист КазССР. На домбре
20	Ак кис		Песня Мухита	Г.Курмангалиев. на домбре
21	Аккум	Каз.народ.песня		К.Жандарбеков. В.Каретников (фортепиано). 1965 год.
22	Г 41411-2	Каз.народ мелодия		Ж. Елебеков. Домбра.
23	Аккум	народный	народный	С. Жанпейсова, домбра. 1989 год.
24	Аккум	Каз.народпесня		А. Умбетбаев.
25	Аксаусак	Каз.народ песня		К. Сакиева.
26	Алконыр	Каз.народ песня		Б. Тулегенва. Зап. 1966 год.

27	Алконыр	Каз.народ песня		Т. Адетбаев, В. Каретников (фор-но). 1965-66 год.
28	Алконыр	народная		М. Алиаскаров. 1989 год.
29	Алтай	народный		Умурзаков. Муж. голос.
30	Отанды сюи. Стих.		Д.Жабаев	А. Байжанбаев
31	Акындарга арнау, стих..		Д.Жабаев	А. Байжанбаев.
32	Шама	Каз. Нар. песня	Слова Абай	Кали Байжанов. На домбре.
33	Ардак	Каз.народ песня		Кали Байжанов. Пение в собствен. Сопр. На домбре
34	Сылкылдак. Казахский.	Таттимбет		Абикен Хасенов. Домбра. 1957 год.
35	Кюй.«Саржайлау» .каз.песня	Таттимбет		А. Хасенов. Домбра.
36	«Бес торе», «Кокей кесте»	Таттимбет	Казахский танцы	А. Хасенов. Домбра.
37	«Азамат», «Боз айгыр»	Каз.народ.наигрыш		А. Хасенов. Домбра.
38	«Саржайлау»,казахский наигрыш	Таттимбет		Казахский Гос. оркестр. народный инструментов им. Курмангазы.
39	Джайлау кюй	Каз.мелодия.2-й вариант	М.Хамзин	М.Хамзин. домбра. 1965-66 год.
40	«Джайлау», 1-й вариант	М.Хамзин		М. Хамзин. Домбра.
41	«Сары джейляз»,кюй	Таттимбет		М. Хамзин, домбра. 1963 год.
42	«Бес торе». Каз. Мелодия.	Таттимбет		М. Хамзин, домбра.
43	«Ынгай ток», казах. песня	С.Алиев		Ж.Каламбаев, домбра. 1966 год.
44	«Тогыз тарау»	Каз.народ. песня		Ж. Каламбаев, 1966 год.
45	«Кзыл бидай»	Казах. мелод		Ж. Каламбаев. Домбра, на комузе
46	«Кертолгау»	Каз.народ. мелодия		Ж. Каламбаев, 1966 год.
47	«Илме»	Каз.народ. мелодия		Ж. Каламбаев, домбра. 1966 год.

48	«Акку»	Народная мелодия		Ж . Каламбаев, домбра.
49	«Кенес»	Казахская мелодия		Ж.Каламбаев и Мухитов (домбра и комуз).
50	«Караторгай»	Казахская мелодия		Ж. Каламбаев (на комузе).
51	«Ихлас»	Народная песня		Жаппас Каламбаев (на комузе).
52	«Жез киик»	Казахская мелодия		Жаппас Каламбаев (на комузе).
53	«Балбраун»	Казахская мелодия		Жаппас Каламбаев (на домбре).
54	«Балбрауын»	Мелодия С.Алиев		Ж.Каламбаев. домбра. 1966 год.
55	Газиздин ани	Газиз		Ж.Каламбаев, кобыз.
56	«Коныр»	Ихлас		Ж. Каламбаев, кобыз.
57	«Жез киик»	Ихлас		Ж. Каламбаев, кобыз. 1964 год.
58	«Косбасар»	Каз.песня	Таттимбет	Ж. Каламбаев, домбра.
59	«Ак кайын»	Ш.Кошкарбаев		Ж. Каламбаев, кобыз.
60	«Ыскырма», каз. песня	Даулеткерей		Ж. Каламбаев (домбра)
61	«Айраух», кюй	Ыхлас	Каз.инстр. пьеса	Д. Мыктыбаев (кобыз). 197 год.
62	Сары-арка	Казах. мелодия	С.Сейфуллин	Д.Мыктыбаев, кобыз.
63	«Аупилдек»	С.Сейфуллин	пьеса	Д. Мыктыбаев, кобыз.
64	Сары дела. Казах.мелодия	Е. Сарбиев		Д. Мыктыбаев, кобыз.
65	«Порыв»	Ихлас		Д. Мыктыбаев, кобыз.
66	«Казан якюй».каз.мелоди	Ихлас		Д.Мыктыбаев, кобыз.
67	«Ердонин кюй»,каз.мелодия	Ихлас		Д.Мыктыбаев, кобыз.
68	Айрауыктын ащы кюй	Ихлас	Казахская мелодия	Д. Мыктыбаев, кобыз.
69	Жалғызаян	Абикей		Д. Мыктыбаев, кобыз.
70	Толғау Абыза	Каз.народ мелодия		Д. Мыктыбаев, кобыз.

71	Козбенин Сарыны	Каз.народ мелодия		Д. Мыктыбаев, кобыз.
72	Кертолгау	Народная мелодия		Артист Казгосфилармонии Д. Мыктыбаев, кобыз.
73	Камбар батыр	Народная мелодия		Арт.казах. гос-филармонии Д. Мыктыбаев, кобыз.
74	«Какос- кюй»	Каз.народ мелодия		Р. Омаров, 1968 год.
75	«Кюй Алтыная »	наигрыш		Р. Омаров, домбра.
76	«Нарату кюй»	Каз.народ мелодия		Р. Омаров, домбра.
77	«Сыбрлак»	Аликей		Р. Омаров, домбра. 1968 год.
78	«Кайран шешен»	Курмангазы		Р. Омаров, домбра.
79	«Машинка»	Курмангазы		Р. Омаров, домбра.
80	Каражак ханым	Казахская мелодия	Мамен	Р. Омаров, домбра.
81	«Кокей кести»	Таттимбет		Р.Омаров, домбра.
82	«Саржайлау»	Таттимбет		Р. Омаров, домбра.
83	«Би кюй», каз.наигрыш	А.Жубанов		Урстем Омаров.
84	«Аксак киик», каз.наигрыш	Курмангазы		Урстем Омаров (домбра).
85	«Байжума»	Д.Нурпеисова		У. Омаров.

Өздеріңіз байқап отырғандай тек қана Ә.Қашаубаев қана емес бұдан басқа да төменде келтірілген тізімде де қарама - қайшылықтар немесе емле қателіктер көптеп кездеседі. Осының өзіне де шүкіршілік ете, қандай жағыдайда болса да құндылықтарымыздың сақталғандығына тәубә дей отырсақ та орын алған кейбір кемшіліктерді атап өтуді парыз санадық.

Біріншіден, қазақ әндерінің көпшілігі «киргизский» деп жазылынып кетуі «қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген Сәкен сияқты ұлт жанашырларының үні әлі де Қызыл империя билігінен аса алмай жатқан тұс болса керек.

Екіншіден, авторы С.Сейфуллин деп берілген екі әннің бірі «Сарыарқа» әні қазіргі кезде «Біздің жақта» деп аталынып ел арасына кең тараған Сәкен әні екендігі даусыз. Ал «Әуілдек» әні көп жерлерде халық әні де деп аталынып жүрсе де кейбір зерттеушілер бұл әннің авторы белгілі, ән ғасырдың XIX ғасырдың аяқ кезінде туған, Сәкен тек ол әнді жазып алып көпшілікке таратқан деген пікірде. Ендігі әңгіме бұл музыкалық мұралар Мәскеу мұрағатына қандай жолдармен жеткендігі. Кезінде қазақтың 1000 әнін жинақтап шығарған А.Затаевич арқылы ма, әлде басқа жолдары болды ма екен?

Олай десек, Затаевич жазып алған «Әуілдек» әнінің бірінші нұсқасын Қайып Айнабеков, ал екінші нұсқасын Жүсіпбек Аймауытов жаздырғаны белгілі.(1-24,43). Жалпы сөз реті келгенде айта кетейік Қ. Айнабеков Затаевичке он алты ән жаздырса (оның біреуі сыбызғыда орындалған «Ақ жұмсақ» күйі), ал Ж. Аймауытов отыздан аса ән жаздырған. Сәкеннің бергені

алтау, төрт ән және екі күй («Тоқа» және Абылай ханның атты әскерінің шеруі «Терісқақпай»). Бұл туралы Затаевичтің өзі «Мелодия №11 записана от выдающегося поэта, прозаика и драматурга Сакена (Садвокаса) Сейфуллина (1894-1939). О нем см. «1000 / 189-194» деп атап өткен (2, 18). Сәкен кейіннен «Қара торғай» және «Шәкірт» т.б. әндерін қосқан. Негізінде С. Сейфуллин өнерпаздардың басын қосып, ұйымдастыру жұмыстарының негізін салып кетсе көп әншілерді тауып беруге себеп болған Әлікей Өтекин және Затаевичтің қасында болып түсінік беріп, көмекші ролін атқарған Қ. Айнабеков болғандығын да атап өту керек. Бұл туралы зерттеушілер «известный акын Каиб Айнабеков (1885-1955) был корреспондентом А.В.Затаевича во время II –го съезда Советов Казахстана (4-10 октября 1921 года)» деп жазса (2, 22), ал Ә. Өтекин туралы Затаевичтің өзі «в то же время предсовнарком тов(арищ) Сейфуллин обратил мое мнение на только что приехавшего из Акмолинской губернии ... молодого человека Аликея Утекина, оказавшегося самым лучшим певцом-исполнителем и вообще знатоком акмолинских песен из числа всех тех акмолинцев, которых я до сих пор записывал...» деп еске алады.

Енді Әміренің әндеріне келейік. Төменде «фоно» қорда Әміренің орындауындағы сақталынған әндер:

1. «Перуайым».
2. «Ей литос» (три друга). (Үш дос - Д.Е.)
3. «Балхадиша» (медовая хозяйка), киргизские песни. Исп. Омре Кашаубаев в /с домбры.
4. «Джалгыз - арша» (одинокый можжевельник).
5. «Дударай» (муж. Имя). Исп. То же.
6. «Агаш- Ояк» (деревянная нога), наигрыш киргизской домбры, исп. То же.
7. «Смет» (имя).
8. «Бес карагер» (пять карих лошадей), исп. То же.

Салыстырма үшін Әміренің Затаевичке жаздырған әндерінің тізбесін келтіре кетейік: «из репертуара Амре Кашаубаев А.В. Затаевич записал одиннадцать песен, опубликованных им в «500 песен» (№№ 227-237), среди которых такие превосходные образцы казахской классической народной песенной поэзии, как «Жалгыз арша» («Одинокый можжевельник», № 227), «Ағашаяк» (буквально – «Деревянная нога», а вообще прозвище автора песни, № 230), «Сімет» (мужское имя, № 232), «Бал- Қадиша» («Прекрасная Хадиша», № 234), «Дударай» («О Дудар!»), № 235). (2, 58).

Әміренің әншілігіне мен талантына тәнті болған Затаевич өз естелігінде «Амре Кашаубаев, выдающийся каркаралинский певец, до весны 1925 года состоящий в труппе Казахского государственного театра. Кашаубаев – пока единственный из казахских певцов, которому довелось выступать за границей, а именно: летом 1925 года – в Париже, а годом позже – во Франкфурте-на Майне, причем в обоих случаях – в этнографических группах, организованных Росфилом (Париж) и Боксом (Франкфурт-на Майне), ... дей келе «Кашаубаев обладает красивым, сильным и сочным голосом (тенор), при большом запасливом дыхании. Чтобы охарактеризовать его, как певца и музыканта, лучше всего сопоставить его с двумя другими выдающимися Каркаралинскими певцами, «поэтом» Габбасом Айтпаевым (прим. 83) и бытовиком» кали Байжановым (прим. 109). В этом случае Кашаубаев занял бы первое место между ними обоими ... Чисто же в голосовом отношении Кашаубаев превосходит обоих яркостью своих данных» еске ала отырып өнерін жоғары бағалаған.

Бізге белгілісі Сәкеннің мұрындық болуымен А.Затаевичтің қазақтың 1000 әнін жинауға белсене кірісуі. Бұл тарихи уақиға туралы Сәкентанушылар зерттеулерінде мынадай деректер бар: «В условиях финансового кризиса республики Сакен Сейфуллин находит средства для Александра Затаевича на сбор подготовку и издание 1000 песен казахского народа. Прямо в кабинете Председателя Совнаркома Затаевич записывает в нотах исполненный Сакеном конный марш хана Аблая. Помощник и друг Сакена Алькей Утекин исполняет марш хана Кенесары. Любовь к народному творчеству подвигает его к поиску, сбору

и изданию многотомного собрания казахского фольклора. Он-первый руководитель республики, кто дал высокую оценку творчеству Жамбыла Жабаева, как исполнителю тюркского эпоса «Кер-оглы», -деп баға береді. (3,145). Қиын - қыстау заманға, аумалы - төкпелі кезеңге қарамастан Сәкен қазақтың фолклорлық мұрасын жинақтауға білек сыбана кіріседі. Әрине бұған қазақтың бетке ұстар алаш қайраткерлері де ат салысқаны белгілі. Ал Сәкендей тұлғаны ерекше атап өтуіміз ерлігін насихаттау былай тұсын атын атаудың өзі бас кетіретін уақытта Ер Сәкеннің қазақтың ұлы хандарын еске алып Совнарком қабырғасында жырға қосуы көзсіз батырлық.

Бұдан әрі уақиға былайша өрбиді: «22 августа 1923 года на заседании Совнаркома рассматривался вопрос «Об отпуске 1000 рублей золотом премии народному артисту Кирреспублики тов. Затаевичу и 1480 рублей золотом на издание киргизских песен». Впервые в истории казахов были собраны, систематизированы и записаны на ноты образцы народной музыки. С большой речью о музыкальной культуре казахского народа выступил Ахмет Байтұрсынов. Но, часть ораторов заседания требовала средства из без того скудного бюджета республики направить на восстановление мастерских Оренбурга и финансирование красноармейских частей. Мнения разделились. Последнее решающее слова было за Председателем Совнаркома. В постановлении заседания Сәкен Сейфуллин накладывает резолюцию: «Предложить Наркомпросу отпустить Александру Викторовичу Затаевичу 2280 рублей золотом и на редактирование его сочинения 200 рублей золотом, а всего – 2480 рублей золотом из средств Наркомпроса с условием погашения означенной выдачи из краевого фонда по мере поступления денежных средств в краевой фонд» (4, 33 об).

Осылайша қаржылық дағдарыс, қиыншылықтарға қарамастан жоқтан бар жасап өзінің бабалар мұрасына адалдығы мен ұлтжандылығын өз іс әрекетімен дәлелдей білген Сәкен ақыры «Қазақтың 1000 әнін» жинақтап шығару үшін қаражат көзін таба білді. Сәкен игілікті істі үкімет мүшелерінен бастап, өзі үлгі болып А.В.Затаевич екі күй, төрт ән орындап береді және халық ән күйлерін жетік білетін шебер орындаушылар: Ахмет Байтұрсынов, Қайып, Салық Айнабековтер, Бейімбет Майлин, Әліби Жангелдин, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек Аймауытов, Иса Байзақов, Әлікей Өтекин тағы басқа да сол кездегі танымал өнерге жақын азаматтар есімдерін беруі оның қазақ ән күйлерін жинақтауға деген жанашырлық үлкен қамқорлығын аңғартса керек».

Ал, Наркомпрос Ахан болса өзіне тапсырылған бұл жауапкершілікті өте ыждахаттылықпен іс жүзіне асырып қана қоймай, өз орындауында 24 ән бергендігіне тарих куә (5, 30).

Осынау бір игілікті істі музыка зерттеушісі Борис Ерзакович: «Исследователь казахских песен и кюев, наодный артист Казахской ССР А.В. Затаевич в своей книге «1000 песен казахского народа» рассказывает, как Сейфуллин помогал ему находить народных певцов», - деп бағалаған .

Ал кейінгі нәтижесі бәрімізге аян, алдымен « Қазақтың 1000 әні» соңынан «Қазақтың 500 әні» жарық көрді. Қазақ музыкасын зерттеудегі ерең еңбегі жоғары бағаланып және Сәкеннің табандылығы мен қайтпас-қайсарлығы арқасында А.В. Затаевич тұңғыш рет Республика Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен 1923 жылы 28 тамыз айында «Республика халық артисі» атағына ие болады.

Зерттеушілердің тағы бір назар аударатын мәселесі күйлер тарихы. Жалпы күйлер тарихын кеңінен алып қарасақ олар бірнеше түрге бөлініп, оның ішінде шертпе күйлер кең байтақ Қазақстанның шығысы Алтай, Тарбағатай, орталығы Ұлытау, Шыңғыстау (көне атауы Наймантау - Д.Е.) өңірінен бастап Жетісу, Қаратау, Сыр бойына дейін қоныстанған ел арасына кеңінен таралған. Ал Арқада шертпе күйлер мектебін қалыптастырған екі тұлға болса соның бірі Тәттімбет, екіншісі ел арасында Сайдалы Сары Тоқа атанған Тотаң. Екеуі де қоса ел арасында билігімен, елге жайлы әділ ел басқарушылығымен танылған дәулескер күйшілер. Екеуінің де өмір сүрген ортасы бір географиялық белдеуде орналасқан қазіргі Қарағанды

қаласының Батысы мен Шығысы. Екеуі де ондаған жылдар бойы өз елдерінің болысы яғни, Тәттімбет Қаракесек - Шаншар рулары мекен еткен Қу болысын басқарса, ал Сайдалы Сары Тоқа Ақмола округі Сайдалы - Алтай болысын басқарған. Бірақ екеуінің қазіргі жағдайлары екі басқа: Тәттімбеттің атымен облыс деңгейінде бірнеше мектептер, көшелер, елді мекендер аталынса, ал Тотаңның атында Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кенті мен Қаражал қаласынан бір- бір көше аты ғана берілген. Қаражалдың Кеңес заманынан қалған қала деген аты болмаса Жаңаарқаның жартысына да жетпейді. Бір кездері 1967-68 жылдары аудан орталығында Сайдалы Сары Тоқа атындағы балалар музыка мектебі ашылған екен, бірақ 90- жылдары белгісіз себептермен жабылып қалған.

Бір назар салатын жағыдай төменде тізбесі беріліп отырған музыкалық мұраларымыздың көпшілігінің екі - үштен орындаушысы бар. Шамасы мұның себебі әр орындаушының өзіндік мәнері мен орындаушылық шеберлігін салыстыру және толықтру мақсатынан туындаған болса керек. Осы бір себептен де болар арқа күйлерін де бірнеше күйшілер Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин, Жаппас Қаламбаев және Үрістембек Омаровтар сияқты көпшілікке танымал дәулескер күйшілер орындаған. «Бір кем дүние» осында Тәттімбеттің аты бар да Тотаң жоқ (тізімге назар салыңыз). Ал күй өнерінен хабары бар, құлағы түрік жұтршылық мұндағы біраз күйлердің атап айтқанда: «Қосбасар» (үш нұсқасы: «Бастау қосбасар», «Сән қосбасар», «Шер қосбасар»), «Саржайлау» күйлерінің Тәттімбетте де, Тоқада да бар екенінен хабардар. Белгілі күйші, өнер зерттеушісі Уәли Бекенов өз зерттеуінде: «Тоқа бозбала шағынан бастап-ақ Тәттімбеттің жолын қуып, күйлерін үйреніп, дәстүрін ұстаған. Ол Тәттімбеттің күйлері аттас келетін «Саржайлау», «Қосбасар» атты күйлердің бірнеше түрін шығарған. Осыны айыра білмегендіктен, кезінде Тәттімбеттің «Саржайлау» күйін Тоқаның күйі екен деген жаңсақ, шалағай пікір қозғаушылар болды. Ал анығына келгенде, «Саржайлау» мен «Қосбасар» күйлері Тәттімбет пен Тоқаның екеуінде де бар екені күйлердің түпнұсқасы арқылы дәлелденіп отыр. Бұл күйлер аталымы жағынан аттас болғанмен, табиғаты бөлек, құрылысы, ішкі мазмұны ерекшеленіп келетін тұлғалы шығармалар», - деп орынды атап өткен (6, 71).

Осы бір зерттеуді одан әрі сабақтай түссек атақты өнер зерттеушісі, композитор А. Жұбановтың мына бір пікірімен келісуге тура келер: «Бір айта кететін жай - «Қосбасар» Тәттімбеттікі емес, басқа кісінікі деген әңгімелер осы кезде жиі айтылып жүр. Біздіңше ол әңгімелердің негізінде құжаттық шындық жатқан жоқ. Ал қазақ халқының күй қорында» аты бір болғанымен бірнеше адамның қолынан шыққан туындылар аз емес. Мысалы Құрманғазының, Динаның, Дәулеткерейдің, Түркештің «Байжұма» атты күйлері бар. Музыкалық жағынан олар бір - біріне үйлеспейді. «Балбырауын» аттас күй Қазақстанның әр жерлерінде кездеседі. Оның үстіне осы кезде біз білетін «Қосбасардың оннан астам нұсқасы бар. Оның қайсысын кім шығарды деген сұрауға күні бүгін ешкім де жауап бере алмайды. «Қосбасар» Тәттімбетте де, Тоқада да, Саймақта да, тағы басқаларда да болуы мүмкін», деп нақтылай түседі.(7, 211).

Орны толмас өкініштердің бірі Арқа еліне мәлім, дау тудырмайтын Тотаңның төл күйлері «Азамат», «Боз айғыр» (жаздырған Ә. Хасенов), «Аққу» (жаздырған Ж.Қаламбаев) т.б туындылар да тегі белгісіз күйлер ретінде «қазақтың халықтық сарындары» деп (мелодия, наигрыш) берілген. Шіркін ай, әсіресе бір ғана «Аққу» күйін түпнұсқадан тыңдаса талай-талай жұмбақ- сырлардың беті ашылар еді - ау. Әрине, мұрағаттық құжаттарда Тотаң аты аталмауы саяси себептермен де байланысты. Ел арасында Тотаң Кенесары бастаған азаттық күресті қолдап, әсіресе Кенесары ханның Ақтау бекінісіне шабуылдау кезінде демеу болғандығы туралы деректер бар. Бір жағынан бұл да бір себеп болса, екінші жағынан «Тотаң Ақмола оязымен өте араз болып, ояз оның үстінен шағым жасап, Тоқаны бірнеше рет Омбының губернаторына шақыртқаны мәлім. Бұған Тоқаның екі жылдай Семей жағына жер аударылып, айдауда жүріп қайтқандығы дәлел. Қараңыз: (Дело о ходатайству Акмолинского губернатора об административной высылке из Акмолинского уезда киргиза Актавской волости Токи

Чонманова с его сыновьями за противодействие властям при раскладке податей. № 13119. 29 сентября 1893 г. (8).

Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов өзінің «Аққан жұлдыз» романында баяндап, Тоқаның Шоқан Уәлихановпен кездескендігі жәйлі былайша баядаған екен: «Талай күйшілермен кездескен Шоканның есінде - жас та болса ел ішінде «Сайдалының Сары Тоқасы» атағына ие болған, жас мөлшері өзінен аз-ақ қалыңқы, томпақ көз, жирен түкті жігіт.

Тоқа өсе келе сотқар болып, өкімет оны жуық арада Семей жаққа жер аударған екен де, домбырашы сол айдауда жүріп, «Саржайлау» деген күй шығарған екен. Жерін сағыну тақырыбына шығарған бұл күй, тыңдаушының тұла бойын ерітіп әкетеді. Шоқан да сөйтіп көзіне жас алды.

Тоқаның одан басқа: «Қосбасар», «Терісқақпай» деген екі күйі де ғажап екен. Бұл күйлерді тартқанда, домбыраның екі шегінің, сегіз пернесінің асты үстін түгел сөйлетіп, нелер әдемі үндер шығарады. Сол үндерден Европаның ең көп дауысты аспабы - фортепьяноның барлық дыбысын естуге болады» деп тамсана жазады. Одан әрі Шоканның шамалауынша ... Мәселен, жау айдаған жылқыдан мекеніне қашқан боз айғырды жолда бес қасқыр қамап, солармен алысқан айғырды жолда бес қасқыр қамап, солармен алысқан айғырдың орқырай тістесіп, тепкілей тулап, арқырай кісінегенін баяндайтын «Бозайғыр» күйі сөз жоқ Тотаңдікі екендігі дау тудырмас. (9, 171).

Себебі Затаевич Қарқаралы ауданы, Мендеш болыстығының № 3 ауылының қазағы Рақмет Аманбаевтан жазылынып алған «Бозайғыр» күйі «спокойно и мечтательно» деп сипатталған (10, 20).

Ал ашығына келсек Тотаң белгілі қаламгер, дара ой пікірімен қоғамнан оқшау күй кешкен Асқар Сүлейменовтың сөзімен айтсақ «стандартты заманда стандартқа симай қалған адам». Тоқаның бір бет, тік мінезділігі, ешкімнің бет жүзіне қарамай іреп салатын уытты тілі бір жағынан дұшпандарын көбейтсе, екінші жағынан ел арасындағы беделін жоғарылатып, шоқтығын биікке көтерген. Мұның дәлелі ретінде ел арасына тарап кеткен мына бір шумақ өлеңдерден де байқауға болады:

«Бақтыбай Берден шықты төменгі елден,

Шоң шықты Дәулетбике деген елден.

Баласы бас Мейрамның бас қосқанда,

Ақылға Сары Тоқа Сізге келген».

Осы сөздің өзі - ақ бірауыз сөзге тоқтап, сөз қадірің білген түйсіне біліп, тұшына сезінген бабалар ұрпағына айтпаса да түсінікті шығар.

Осы ойымызды қорытындылай айтсақ «соқтықпалы - соқпалы» дәуірде өмір сүрген Тотаң тағдыры Тоқатануға түрен салуға сұранып - ақ тұр. Бұған ол туралы жазылған бірен - саран мақалалар мен зерттеу еңбектер болмаса жүйелі түрде зерттелінген іргелі монографиялық еңбектердің жоқтығы дәлел. (11, 173-181).

Сөз орайы келгенде айта кететін бір мәселе жоғарыда аталынған «қорда» белгілі суырып салма ақын, сырнайшы, кезінде Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне (1936 жыл) қатысып беташар арнау өлеңімен онкүндіктің шымылдығын ашқан Тайжан Қалмағанбетұлының (1879-1938) да бір де бір әні кездеспеді. Бұл да болса саясаттың салқыны болар.

Әмір Темірден қалған бір белгі

Өздеріңіз де байқап отырғандай әңгіме атақты қолбасшы, әлемге Ақсақ Темір атымен белгілі Шыңғыс ұрпағынан қалған тас ескерткіш. Тас белгі Ұлытаудағы Алтыншоқы биігінен табылған.

Орта ғасырларда өмір сүрген дала ойшылы Асан қайғы бабамыз Жерұйығын тапқан Ұлытау, Арғанаты, Желіадыр, Кішітау тау сілемдерін құраған ұлы дала алғашқы қазақ хандықтарының құрылуы және қалыптасу дәуірлеріне куә болуымен қатар тұңғыш қазақ

хандары мен билері Жошы хан, Кетбұғы, Керей, Жәнібек, Қасым, Хакназар, Тәуке, Барақ, Әбілқайыр, Көшім, Абылай, Кенесары, Ақжол билердің ізі қалған бір кездері әйгілі қолбасшылар (Тоқтамыс, Едіге т.б.) жерленген қасиетті де тарихи өлке. Ұлытау өңіріне арнайы ат басын бұрған Елбасының «Ұлытау өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ең даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Дегенмен, Ұлытаудың орны бөлек» деп ерекше мән беруі Ұлытаудың қасиетін одан әрі ұлықтай түскендей.

Сондықтан да Ақсақ Темірдің Ұлытауға аялдап Алтыншоқыдан табылған тасқа өз жарлығымен тарихи естелік сөз қалдыруы да тегін болмаса керек. Сөз орайы келгенде айта кетейік жалпы мұндай петроглифтер көне дәуірлерден, орта ғасырлардан сақталынып келе жатқан ескерткіштердің ерекше тобын құраған тастағы таңбалар Арғанаты, Зыңғыртас, Теректі тауларында, Байқоңыр, Тамды, Жаңғабыл, Жетіқыз өзендері алқаптары бойынан табылады. Бәлкім әйгілі қолбасшыға осы таңбалар да ой салған болуы керек.

Енді алғаш рет геолог Қ.И.Сатбаев тауып қазіргі уақытта Санкт Петербург қаласындағы Эрмитажда сақталынған тас туралы бірер сөз. Баянауылдай жер жәннатында туып өскен ұлы ғалымның Ұлытауды алғаш зерттей бастаған жылдары өз сезімін жасыра алмай 1927 жылы 30 тамызда жары Тансия Алексеевнаға жазған хатында: «Меніңше орыстарға Кремль қаншалықты қасиетті саналса, қазақ жұрты үшін Ұлытау да соншалықты қадірлі!» деп сүйсіне сипаттауы да Ұлытаудың ұлылығын мойындатқандай. Алтыншоқы (Ұлытаудың күнбатыс бөктерінде Жетіқыз өзенінің жағасы) белгі тасы туралы Қазақ энциклопедиясында: «Әмір Темір жаздырып қалдырған ескерткіш Ұлытаудың батыс жағындағы Сарлық алқабынан 12 км. жерде, Сөрелі өзенінің аңғарындағы Алтыншоқы биігінің оңтүстік батыс бөктерінен табылған. Ескерткішті 1934 жылы Ұлытау төңірегіне геологиялық саяхаты кезінде тауып, алғашқы ғылыми анықтамасын берген инженер- геолог Қ.И. Сатбаев. Бұл сол кезеңдегі шығыстану ғылымы үшін теңдесі жоқ жаңалық болды. Ескерткіш 1936 жылы Ленинградтағы (қазіргі Санкт Петербург) Эрмитажға жөнелтіліп, көрмеге қойылды», - деп жазылған (12, 87).

Ал осыншалық ғылыми тарихи мәні бар құнды жәдігердің жат елдің босағасында жатуы (есіктің қалтарысы, биік тұғырда емес жартылай еденде) егемен елімізге, тәуелсіз тұғырымызға сын болмай ма? Бір кездері (90-жылдары) егемендік алып еңсемізді көтерген жылдары Түркістанға қайтып әкелінген Тайқазанмен қоса Алтыншоқы ескерткішін де қайтару мәселесі көрерілген еді. Бірақ жігеріміз жетпеді ме ақырында аяқсыз қалды. Дәл биылғы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орайластырып осы бір іргелі істі қолға алсақ ата бабалар алдындағы борыштарымыздың бір парасын атқарғандай болар едік-ау.

Ақыры әңгіме тас ескерткіштер болғаннан кейін

мына суреттегі «Шыңғыс тас» деген атауға ие ескерткішке да назар салсақ. Бұл да Ұлытаудан табылған жәдігер сияқты Эрмитажға 1936 жылы әкелінген. Тастың биіктігі екі метрден асады. (Нақты өлшемі жоқ, тек мен өз бойыммен жобаладым). Жалпы қызығушылық танытқан оқырмандар немесе зерттеушілер үшін беріп отырмыз.

III. Сыры белгісіз суреттер.

Төменде ұсынылып отырған суреттер 239 және 10094 қорлардан табылды. Бірақ ешқандай да анықтама немесе түсініктеме берілмеген. Тек қана қор атауы мен сілтемесі ғана бар. Барлығы 12 сурет. Басқалай ешқандай да дерек жоқ. Қараңыз: «Портреты и индивидуальные снимки жителей Казахстана (казахов) 1940 год. Фонд 239, оп.2, д.239, л.5.

Фонд 10094, оп.2, д.239, л.л.1,2,3,4,6,7,8,9,10,11,12.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Затаевич А.В. 1000 песен и кюев казахского народа. Алматы : Дайк-Пресс, 2004. – 496 с.
2. Затаевич А.В. Песни разных народов. Из архивов собирателя. Сборник посвящен 100-летию со дня рождения Затаевича. Изд-во «Жазушы» - Алма-Ата. 1971. – 310 с.

3. Абсеметов М.О. Сакен Сейфуллин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924), Астана, «Рух-пресс», 2006, 416 с.
4. ЦГА РК, ф 30, оп. 230, л 33об.
5. Сәкен Сейфуллиннің музыкалық мұрасы. Құрастырушылар: С.Оспанов, Н.Сапиянова. - Астана, «Жасыл Орда», 2014.-362 бет.
6. Бекенов Уали. Күй күмбезі Тәттімбет. Алматы. Кенже Пресс. – 2002. 120 бет.; Бекенов Уали. Шертпе күй шеберлері. Алматы, «Жалын», 1977. 92 –бет.
7. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. –Алматы:Дайк-Пресс, 2002, 328 бет.
8. Ф. 64, оп.1, д. 1922, 3 об.
9. Мұқанов Сәбит. Аққан жұлдыз. Алматы, «Жазушы», 1970.2- кітап. 488 бет.
10. А.В. Затаевич 500 песни кюев казахского народа. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 378 с.
11. Ескекбаев Д.Б. Атақты күйі, болыс би Сайдалы Сары Тоқа // Отан тарихы, 2014, № 4(68).
12. Қаныш Сатбаев. Энциклопедия/Бас. Ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 664 бет.

References:

- 1 A.V. Zatayevich. 1000 songs and kyuis of Kazakh people. Almaty: Dayk-Press, 2004. – 496 p.
- 2 A.V. Zatayevich. Songs of various peoples. From archives of collector. The collection is devoted to 100 year anniversary of birthday of Zatayevich. Publishing house «Zhazushy» - Almaty. 1971. – 310 p.
- 3 M. O. Absemetov. Saken Seifullin id Chairman of the Council of People Commissars of Kazakhstan (Orenburg city, 1922-1924), Astana, «Rukh-press», 2006, 416 p.
- 4 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the fund No. 30, register No. 230, p 33b.
5. Musical heritage of Saken Seifullin. Authors: S. Ospanov, N.Sapiyanova. - Astana, «Zhassyl Orda», 2014.-362 p.
6. Bekenov Ualiy. Kuy kumbezi Tattimbet. Almaty. Kenzhe Press. – 2002. 120 p.;Bekenov Ualiy. Shertpe kuy sheberleri. Almaty, «Zhalyn», 1977. 92 –p.
7. Zhubanov A. Ghasyrlar pernesi: Kazaqtyn halyk sazgerlerinin omiri men shygarmashylygy turaly ocherkter. – Almaty:Dayk-Press, 2002, 328 p.
- 8 . Fund No. 64, register No.1, case 1922, 3 b.
9. Muqanov Sabit. Akkan zhuldyz. Almaty, «Zhazushy», 1970.2-book. 488 p.
10. A.V. Zatayevich. 500 songs and kyuis of Kazakh people. Almaty: Dayk-Press, 2002. – 378 p.
11. D.B.Yeskekbayev. Atakty kuyshi, bolys biy Saidaly Sary Toqa// The history of fatherland, 2014, № 4(68).
12. Kanysh Satbayev. Encyclopaedia/Editor-in-chiefB.O.Zhakyp. - Almaty: «Kazakhenciklopediyasy», 2011. – 664 p.

КАМЕНЬ С НАДПИСЬЮ НА УЙГУРСКОМ
И АРАБСКОМ ЯЗЫКАХ О ПОБЕДЕ ТИМУРА
НАД ЗОЛОТООРДЫНСКИМ ХАНОМ
ТОХТАМЫШЕМ. КАРАСАКПАЙ, 1391 г.

STONE WITH INSCRIPTION IN UIGHUR
AND ARABIC TELLING ABOUT THE VICTORY
OF TIMUR OVER TUKHTAMYSH, THE KHAN
OF THE GOLDEN HORDE. KARASAKPAI, 1391

11.02.2015







«Чингисов» камень

Гранит

Великое монгольское государство. 1224–1225 гг.

Монгольский язык

Место находки – Хирхиринское городище, Южная Сибирь

Поступление: 1936 г., из Института востоковедения
АН СССР (Азиатского музея)

Инв. № БМ-728

На камне уйгуро-монгольским письмом выбита надпись, в которой говорится о победе Есунхэ (1190–1270), внучатого племянника Чингис-хана, в соревнованиях по стрельбе из лука. Камень получил такое название, так как надпись начинается с имени Чингис-хана, которое легко читалось. Существует несколько вариантов перевода, по надписи и датируется этот памятник.

‘The Genghis Stone’

Granite

The Mongol Empire. 1224–1225

Mongolian language


Found at Khirkhira site, Southern Siberia

Provenance: 1936, from the Institute of Oriental Studies
of the USSR Academy of Sciences (the Asiatic Museum)

11.02.2015















МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т. МИХАИЛ VIII ПАЛЕОЛОГ БИЛІГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1261-1282) ВИЗАНТИЯНЫҢ АЛТЫН ОРДАМЕН САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ	7
Абдимомынов Н.Т. ТОҚТАМЫСТЫҢ ТЕМІРМЕН ҚҰНДЫЗША (1391 ж.) ЖӘНЕ ТЕРЕК (1395 ж.) ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ ШАЙҚАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ	16
Атығаев Н.Ә. «ҚОЗЫ БАСЫ» МЕКЕНІНІҢ ОРНАЛАСУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ	30
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ДЕРЕКТЕР ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ	40
Баудиярова Қ.Б. ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ	51
Өрісәлі Дүйсен ҚИМАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР	59
Ескекбаев Д.Б. МӘСКЕУ МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР	63
Жайлыбаев Д.Ж. АУЫЛ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ	70
Жүнісбаев А.Ә. САҢЛАҚ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАСЫ: САНЖАР АСФЕНДИАРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ	93
Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А. ТЕМІР ҰРПАҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	100
Нұрмұханбетов Б., Амаргазиева А.Ж. «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЭПОСЫ КӨНЕ ДҮНИЕНІҢ КЕСКІНДЕМЕЛІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕ	107
Омаров Ғ.Қ., Куркеев Е.М. БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ	111
Омарова Г.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ (тарихи-демографиялық талдау)	123
Омарова Г.А. АЛМАТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ	128

Рахымқұлов Д.А.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ БІЛІМ АЛҒАН ГИМНАЗИЯЛАР ЖӨНІНДЕ

(XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы)137

Рахымқұлов Д.А.

ӘШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС144

Рүстемов С.К.

ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОСМАНДЫҚ ТҮРІКТЕР:

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН165

Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛА БАСТАУЫ180

Уайсова Ш.Н.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ193

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т. ПОЛИТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ ВИЗАНТИИ С ЗОЛОТОЙ ОРДОЙ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МИХАИЛА VIII ПАЛЕОЛОГА (1261-1282)	7
Абдимомынов Н.Т. ИСТОРИЯ СРАЖЕНИЙ ТОХТАМЫША С ТИМУРОМ НА РЕКАХ КУНДУЗЧА (1391 г.) И ТЕРЕК (1395 г.)	16
Атыгаев Н.А. К ВОПРОСУ О РАСПОЛОЖЕНИИ МЕСТНОСТИ «КОЗЫ БАСЫ»	30
Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ ЕВРАЗИИ	40
Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО: ТЕРМИНОЛОГИЯ ИСТОЧНИКОВ КАК ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ ГОСУДАРСТВА	51
Баудиярова К.Б. ИССЛЕДОВАНИЕ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ	59
Орисали Дуйсен ВЗГЛЯДЫ НА ПРОИСХОЖДЕНИЕ КИМАКОВ	63
Ескекбаев Д.Б. ИСТОРИЧЕСКИЕ АРТЕФАКТЫ В АРХИВАХ МОСКВЫ	70
Жайлыбаев Д.Ж. СЕЛЬСКАЯ ОБЩИНА И ЕЕ ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ	93
Жунисбаев А.А. НАСЛЕДИЕ ВЫДАЮЩЕГОСЯ УЧЕНОГО: О СБОРНИКЕ СОЧИНЕНИЙ САНЖАРА АСФЕНДИАРОВА	100
Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ТРУДОВ ПОТОМКОВ ТИМУРА	107
Нурмуханбетов Б., Амаргазиева А.Ж. ЭПОС «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ» В ПРИКЛАДНОМ ЖИВОПИСНОМ ИСКУССТВЕ ДРЕВНЕГО МИРА	111
Омаров Г.К., Куркеев Е.М. ЭТНИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ	123
Омарова Г.А. НАСЕЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (историко-демографический анализ)	128

Омарова Г.А. ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НАСЕЛЕНИЯ АЛМАТЫ	137
Рахымкулов Д.А. О ГИМНАЗИЯХ, ГДЕ ОБУЧАЛИСЬ КАЗАХСКИЕ ДЕТИ (вторая половина XIX - начало XX вв.)	144
Рахымкулов Д.А. АШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ И ОСВОБОДИТЕЛЬНАЯ БОРЬБА В ЖЕТЫСУ	165
Рустемов С.К. КАЗАХИ И ОСМАНСКИЕ ТУРКИ: ИЗ ИСТОРИИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ	180
Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К. НАЧАЛО СОЗДАНИЯ ПЕРВЫХ ШКОЛ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ	193
Уайсова Ш.Н. НАУЧНЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН СО СТРАНАМИ ВОСТОКА	199

CONTENTS

Abdimomynov N.T. POLITICAL RELATIONS OF BYZANTIUM WITH THE GOLDEN HORDE DURING THE REIGN OF MICHAEL VIII PALAIOLOGOS (1261-1282)	7
Abdimomynov N.T. THE HISTORY OF TOKHTAMYSH'S BATTLES WITH TIMUR ON THE KUNDUZCHA (1391) AND TEREK (1395) RIVERS	16
Atygayev N.A. ON THE ISSUE OF THE LOCATION OF THE "KOZY BASY" AREA	30
Atygayev N.A. THE KAZAKH KHANATE IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS OF EURASIA	40
Atygayev N.A. KAZAKH KHANATE: TERMINOLOGY OF SOURCES AS A REFLECTION OF STATE HISTORY	51
Baudiyarova K.B. RESEARCH ON FAMILY STABILITY	59
Orisali Duisen VIEWS ON THE ORIGIN OF THE KIMAKS	63
Yeskekbayev D.B. HISTORICAL ARTIFACTS IN MOSCOW ARCHIVES	70
Zhailybayev D.Zh. THE RURAL COMMUNITY AND ITS ETHNO-SOCIAL ROLE	93
Zhunisbayev A.A. THE LEGACY OF AN OUTSTANDING SCHOLAR: ON THE COLLECTION OF WORKS OF SANZHAR ASFENDIAROV	100
Ibragimova M.N., Nusupbayeva S.A. RESEARCH ON THE WORKS OF TIMUR'S DESCENDANTS	107
Nurmukhanbetov B., Amargaziyeva A.Zh. THE EPIC "KOZY Korpesh - BAYAN Sulu" IN THE APPLIED PAINTING ART OF THE ANCIENT WORLD	111
Omarov G.K., Kurkeyev Y.M. THE ETHNIC CHARACTER OF DEER STONES	123
Omarova G.A. THE POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (Historical and Demographic Analysis)	128

Omarova G.A. DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION OF ALMATY	137
Rakhymkulov D.A. ON THE GYMNASIUMS WHERE KAZAKH CHILDREN STUDIED (second half of the 19th - early 20th centuries)	144
Rakhymkulov D.A. ASHEKEY BATYR DAIYRBEKULY AND THE LIBERATION STRUGGLE IN ZHETYSU	165
Rustemov S.K. KAZAKHS AND OTTOMAN TURKS: FROM THE HISTORY OF MUTUAL RELATIONS	180
Sarsenov S.A., Mukanbediyeva G.K. THE BEGINNING OF THE ESTABLISHMENT OF THE FIRST SCHOOLS IN THE BUKEY HORDE	193
Uaysova Sh.N. SCIENTIFIC AND CULTURAL CONNECTIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH THE COUNTRIES OF THE EAST	199

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй